

Резюме

В статье рассматривается классификация фразеологизмов, автором представлена своеобразная классификация фразеологизмов казахского языка.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 20-б.
2. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 8-10б.
3. Кунин А.В. Английская фразеология. М., 1970. – 13б.

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ТЕРМИНОВ СПОРТИВНОГО ТУРИЗМА СПОРТТЫҚ ТУРИЗМ ТЕРМИНДЕРІН АУДАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

*Жаримбетова Р. Н.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Жаратылыстану факультеттеріне арналған
шет тілдер кафедрасы оқытушысы*

Аннотация

В данной статье рассматриваются некоторые особенности перевода определенных терминов спортивного туризма. Научно – техническая революция стала основой появлению некоторых информационно – коммуникативных процессов в науке. Появились новые термины в разных отраслях науки и повседневной жизни. Многие термины спортивного туризма являются международными и поэтому, требуется, переводит их дословно и необходимо объяснить значения данного термина.

Түйін сөздер: аббревиатура, ғылыми-техникалық революция, спорттық туризм, акценттік және ырғақты (акцентно-ритмический) құрылым, терминологиялық жарылыс.

Терминология мәселесі төңірегінде

Ғылыми-техникалық революция бірқатар информациялық-коммуникативтік процестердің және ғылымда жаңа салалардың пайда болуына түрткі болды. Терминдердің көбеюі, олардың қоғам өмірінде қалыптасып, терминологиялық жүйе құруы осы ғылыми-техникалық революцияның нәтижесі болып табылады. Ғылымда бұл құбылыс терминологиялық жарылыс деген атқа ие. Ғылыми-техникалық революция жаңа ғылыми-танымалы пән – Терминтанудың пайда болуына негіз болды. В. П. Даниленко терминіне 19 анықтама бере отырып, ол бұл тізімнің әрі қарай жағасуы ғажап емес деп атап өрсеткен. Ал, біз соның ішінде спорттық туризм терминдерін қарастырып отырмыз.

Жалпы термин табиғатына қатысты бірнеше көзқарастар бар:

1. Нормативті көзқарас, өкілдері: Д.С. Лотте, Б.М. Тогунов, А.М. Терпигорев т.б. Бұл көзқарас бойынша, термин тілдің лексикалық жүйесінде ерекше сөз ретінде қарастырылады және оған қойылатын талаптарға толық сай келуі тиіс: жүйелілік, бірізділік т.б.

2. Функционалды көзқарас, өкілдері: Г.О. Винокур, Н.З. Котелова, А.И. Моисеев т.б. Бұл көзқарас бойынша, Термин орнына кез келген сөз термин бола алады, терминдер – бұл ерекше сөздер емес, олар тек ерекше қызметі бар сөздер.

Қазіргі кезде спортқа деген қызығушылық артуда, мұның себептерін біз спорттық туризм терминологиясының интенсивті дамуымен түсіндіре аламыз. Г.М. Майер өзінің Қоғамдық қатынастар негіздері атты еңбегінде Спорт және Спорт туралы ғылым деген айдарларды жеке бөліп қарастырған. Ал, Б.Н. Головин мен Р.Ю. Кобрин адам баласының төрт түрлі кәсіби іс-әрекетінің екеуі мәдениет пен спорт деп көрсеткен. Шынында да, спорт қоғамдық және саяси өмірдің, мәдениет пен туризм және т.б. салалардың ажыратылмас бір бөлігі болып табылады. Спорт – өзіне тән ерекше ұғымдары бар (жалпы және жеке ұғымдар) адамзат іс-әрекетінің өзгеше түрі. Ал, спорттық туризм терминологиясы – лексиканың ауқымды бір бөлігі. С.И. Кондрашкинаның қорытындылауы бойынша Спорттық терминология – басқа ғылым салаларының терминологиясына қарағанда табиғи болып табылады және олардан бірқатар айырмашылықтары бар. Мәселен, оны техникалық ғылыммен салыстыра қарасақ, спорттық терминологияның лексемдері көпшілік қауымға белгілі, ал техникалық терминдер тек сол салада ғылыми білімі бар адамға ғана тән деп көрсеткен.

Қоғам дамуындағы спорттық туризмнің қазіргі әлеуметтік рөлінің артуы туризмнің коммуникациялық акт ретіндегі заңдылықтарын, ақпарат беру және ықпал ету қызметін атқарудағы тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктерін, тілдік құралдардың вербалды емес құралдармен бірлесе отырып ықпал ету қызметін атқарудағы жұмсалып заңдылықтарын зерттеу жұмыстың өзектілігін дәлелдейді.

Бұл зерттеу жұмысы қазіргі замандағы туризм саласының ең бір өзекті мәселелерін, яғни туризм мәтіндерінің тілін, осы жанрдың құрылымдық, семантикалық, лексикалық, стилистік ерекшеліктерін тауып, зерттеуге арналған.

Термин жасау саласындағы ұлттық және халықаралық деңгейлердің ара қатынасы бірдей дәрежеде емес және соңғы жылдары олардың үндесіп келуі байқалады. Себебі түркі тілдердің терминологиясында кірме терминология маңызды рөл атқарады. Терминдердің кірігуі – термин жасаудағы ең маңызды принциптердің бірі. Сондықтан қазақ тілінде халықаралық сөздік қордың өсуі бағытында, әсіресе, ғылыми-техникалық дамуға байланысты ғылыми-техникалық терминологияда үлкен өзгерістер болды.

Ғылыми-техникалық, яғни, кәсіптік терминология саласы бойынша қазақ ғалымдары біраз өнімді еңбек етті, бірқатар еңбектер, политехникалық сөздіктер жарық көрді. Мұнай және газ өндіру саласындағы терминдердің жана баламаларының көпшіліктің көңілінен шығуы – ғалымдарымыздың зор еңбегінің айғағы. Алайда кейбір терминдердің қазақша баламаларының дұрыс ұғымды бере алмайтындығы жөнінде мәселе де жоқ емес. Қазіргі кезде спорт және туризм, спорттық туризмге байланысты салаларда, кем дегенде, 35 000 термин қолданылады. Ал қазақ тіліне асырып жүйесіз, шетінен алып аудара бергеннен гөрі белгілі бір принциптерді ұстаған жөн. Сондықтан тілші – ғалымдар спорт және туризм саласы бойынша сөздік жасауды төмендегі принциптерді ұсынады.

- Мүмкіндігінше, ана тіліміздің сөз жасау және басқа да мүмкіндіктерін барынша толық пайдалану.

– Ана тіліміздің тілдік құралдарын қолдану мүмкін болмаған жағдайларда басқа тілдерде жасалған дайын терминдерді қолданған жөн.

- Терминдерді дұрыс жазуда тілдік ауытқушылықтың ең төмен деңгейде болуы принципі қолдану.

- Бір сөзден тұратын терминге, шама келгенше, бір сөзден тұратын балама табу керек. Тек сирек жағдайларда ғана терминдер сөз тіркестері арқылы беріледі.

- Балама іздегенде тек белгілі бір аймақта кездесетін диалект сөздерді пайдаланудан аулақ болған дұрыс және баламаны жалпы қазақ баласына түсінікті сөздердің арасынан таңдап қарастырған жөн. Ондай сөздер болмаған жағдайда ғана диалект сөздерді қолдану мәселесі қарастырылуы керек.

Мәселен спорттық туризм саласындағы ағылшын тіліндегі терминдердің қазақ тіліндегі баламасы көп жағдайларда транслитерация әдісімен аударылған: *halve pipe* сөзінің баламасы *халфпайп* деп берілген, ал ол сноуборд тақтайының бір түрі, *boarder cross* сөзінің баламасы *бордеркросс*, бөгеттері бар сноуборд жарысы, *back country* сөзі *бэккантри*, тау шыңында сырғанау түрі, *big air* сөзі *биг эйр*, трамплинмен биік қашықтықта секіру, *freestyle* сөзі *фреистайл* деп аударылған, сноуборд тақтайында арттан алдына қарай сырғанау, *grab* сөзі *грэб*, секіру кезінде сноуборд тақтайын қолмен ұстау, *air* сөзі *эйер* деп берілген, биікке секіру (роликте сырғанау спорты), яғни бұл терминдердің баламасы өзгертілмей сол ағылшын тілінде берілген. Бұл аудармалардың ағылшын тілін білмейтін адамдарға түсініксіз болуы мүмкін, бұл терминдердің аудармасын қайтадан қарастыру керек деп ойлаймын.

Сондықтан шығатын қорытынды төмендегідей: ағылшын тіліндегі терминнің қазақша дәл баламасын іздегенде ағылшынша – қазақша сөздіктегі дайын аударылып тұрған сөзді өзіндік терминологияға енгізудің не енгізбеудің өз реті бар және де дұрыс ұғымды спортшылар үшін түсінікті, жақын, көңілге қонымды ету жағын да қарастыру керек. Спорттық туризм саласы бойынша терминология тұрақты жүйеге түсуі тиіс және бұл мәселені шешуде өздеріміз жеке-дара кетпей, басқа елдердің термин жасау саласының даму заңдылықтарынан ауытқи алмаймыз. Спорттық туризм саласы бойынша термин жасау мәселесі шешімін тауып жатса, бұл ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесінің өсуіне қосылатын қомақты үлес болар еді.

Терминологиялық қорды байытудың қайнар көзі – қысқарған сөздер. Қазақ тілінің қолданылу аясында қысқарған сөздердің көрініс табуы 1950 жылдардан бастап кең өріс алды. Профессор Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі қысқарған сөздер жайында: Революциядан кейін орыс тілінде сөзді қысқартып ықшамдап айту көп ұшырайтын болды. Бұл революция нәтижесі. Осы табысты қазақ тілінде де іске асыру, қазақ сөзінен де ықшамдалып қиып шыққан терминдер жасау керек болды, – деп тұжырым жасаған.

Сөз қысқартудың басты принципі – тілдің үнемділік сипаты. Үнемдеу заңдылығы тіл-тілдің баршасына тән құбылыс. Бірнеше компоненттерден тұратын күрделі атаудың ықшамдалған баламасын жасау – функционалдық стильдердің барлығында тиімді әдістердің бірі. Алайда тілдегі үнемдеу заңдылығы – ойды, пікірді толық жеткізу принципіне қарама-қарсы құбылыс болып табылатындығын есте ұстаған жөн.

Абревиация немесе қысқарту (сөз, буын не әріп қысқарту) амалдары ағылшын терминжасамында кеңінен қолданылады. Абревиатура түрлері және т. б. жүздеген қысқарған терминдер ағылшын тіліндегі түсіндірме сөздіктердің негізгі құрамын қамтиды.

Е. Г. Волошиннің топтауынша, ағылшын терминологиялық сөздіктердегі аббревиатура саны он мыңға жетеді.

Ағылшын тіліндегі лексикографиялық деректер бойынша ғылыми деректерге сүйенсек, аббревиатура XVI ғасырда көрініс бере бастаған, баяу да болса, сан жағынан көбейіп отырған. Аббревиатура негізінен сөзжасамдық тәсіл ретінде XIX ғасырда қалыптасып, XX ғасырда кең тараған. Қазіргі кезде сөзжасамның бұл түрі тіпті жедел қарқынмен дамуда.

Аббревиатура сөздік қорды толықтырудың қайнар көзі екені белгілі. Аббревиацияны сөзжасам тәсілі ретінде өзінің даму заңдылықтары бар, оның мағыналық ерекшеліктері мен формасы әртүрлі болып келеді.

Қазіргі ағылшын тілінде лексикалық аббревиатура графикалық аббревиатураға тәуелсіз, жеке сөз ретінде қалыптасады. Лексикалық аббревиатураның қазіргі ағылшын тілінде көптеп пайда болуы жаңа сөзге деген қажеттілікті ұлғаюымен тікелей байланысты. Лексикалық аббревиатураның қалыптасуы мен даму жолдары тіл білімінде әлі толық зерттеле қойған жоқ.

Қысқарған сөздер тұрақты тіркестер негізінде жасалмайды, сөз тіркесі арқылы жасалады. Қысқарған сөзді термин мен алғашқы сөз тіркесінің байланысы әр алуан. Қысқарған сөзді терминдер бастапқы сөз тіркесінің құрылымдық ерекшеліктерінің негізіне қарай және аббревиацияның типті тәсіліне қарай бірнеше топқа бөлінеді:

1. Толық таңбалы сөздерден тұратын сөз тіркесі компоненттерінің алғашқы әріптерінің негізінде жасалған терминдер. Мұндай әріптік қысқартуға жататын аббревиатуралар акценттік және ырғақты (акцентно-ритмический) құрылымды болып келеді. Мысалы:
ASP – Association of professional surfing (Кәсіби Серфинг Қауымдастығы);
IOC – International Olympic Committee (Халықаралық Олимпиядалық Комитет);
LTADM – Long-term Athlete Development Model (Ұзақ мерзімді атлетикалық даму моделі);
NSO – National Sport Organization (Ұлттық Спорт Ұйымы);
PFASF – Physical Fitness and Amateur Sport Fund (Физикалық Фитнес және Спортқа Қызығушылар Қоры);
2. Аббревиация процесіне қатыспайтын көмекші сөздерден, яғни предлогтардан, жалғаулықтардан (союз) және the артиклінен тұратын терминдер. Көмекші сөздер мен артиклді қалдырып кету алдыңғы сөз тіркесінің компоненттерінің саны мен орын тәртібіне еш әсерін тигізбейді. Сөз тіркесінің құрамындағы қосымшалардың аббревиатура құрамынан алынып тасталуы аббревиация тәсілдерінің бірі деуге болады.
SBED – Ministry of Small Business and Economic Development (Шағын бизнес және экономикалық даму министрлігі, бұл министрлікке спорт және демалыс ұйымы да кіреді.)
VANOC – Vancouver Organizing Committee for the Olympic Games (Ванкувер Олимпиядалық ойындар ұйымдастыру комитеті)
3. Күрделі құрамды сөз тіркестерінен жасалған терминдер. Мәселен:
CNGO – Committee on Non-Governmental Organizations (Үкіметтік емес ұйымдардың комитеті)
MSO – Multi-Sport Organization (Түрлі Спорттық Ұйым)
F-P/TSC – Federal-Provincial \ Territorial Sport Committee (Федералдық-Провинциалдық / Аймақтық Спорт Комитеті) т. б.
4. Сөз тіркесінің негізінде алдыңғы үшеуінің кеңейген түрі арқылы жасалған терминдер. Бұл түрдің бірнеше тәсілі болады:

1) Аббревиатуралық сөздердің тіркесуі негізінде еш қосымшасыз таза кеңейген түрі, мысалы, *IF – International Federation* (Халықаралық Федерация ХФ) т. б.

Дауысты дыбысты – V (vowel) деп, дауыссыз дыбысты – C (consonant) деп белгілесек, IF қысқарған сөзі мынандай үлгіде болады: VC бір буынды термин пайда болады.

CCAA – Canadian College Athletic Association (Канада атлетикалық қауымдастық ассоциациясы). Сөз тіркесінің құрылысы CCVV десек, қысқарған сөзді терминде де CCVV екі буынды термин пайда болады.

COC – Canadian Olympic Committee (Канада Олимпиядалық Комитеті) – CVC бір буынды термин.

2) Аббревиатураның қосымшаларды қосу арқылы кеңейуі. Мысалы, *IRASC – International Recreation and Sport Council* (Халықаралық Демалыс және Спорт Кеңесі). Бастапқы сөз тіркесінің құрылысы VCCC болса, қысқарған сөз құрамына қосымша (X) қосылып (VCCC – VCX_vCC), аббревиатура құрамы кеңейеді. (X_v – қосымша дауысты).

XX ғасырда жеке тұтас сөз ретінде орфоэпия ережесі бойынша айтылатын аббревиатураның жаңа түрі – акроним пайда болды. Акронимнің фонетикалық құрылысы бір морфемді сөздің фонетикалық құрылысымен дәл келеді.

Мысалы, *COC – Canadian Olympic Committee – СОС* (Канада Олимпиядалық Комитеті). Егер спорттық туризм терминологиясы жан-жақты, әрі кешенді зерттелінсе, біріншіден, спорттық туризм терминологиясы теориялық тұрғыдан толығып, оның ғылыми ауқымы кеңейеді. Екіншіден, спорттық туризм терминологиясындағы жетістіктер мен кемшіліктер сараланып, оның жаңа бағыт-бағдарлары анықталады. Үшіншіден, қаралып отырған қазақ және ағылшын тілдеріндегі терминдер жүйеленіп, олардың атқаратын қызметі мен қолданылу ауқымы айқындалады. Сондай-ақ, зерттеудің тұжырымдары мен нәтижелері жалпы терминологияны, оның ішінде спорттық туризм терминологиясын зерттеуде маңызы зор. Атап айтқанда, терминдер жүйесі мен жалпы әдебиет лексикасының арақатынасы анықталады, салғастырмалы терминтану принциптері дамиды, терминдердің тиімділік арақатынасы көрсетіледі. Спорттық туризм терминдері аударматану, терминология салалары бойынша жасалған ғылыми тұжырымдарды толықтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдрахманов Ә. Тіл мәдениеті және терминология. Алматы, 1972.
2. Реформатский А. А. Что такое термин и терминология. Москва, 1961.
3. Алиева А. Ж. Туризмология негіздері А. 2004
4. Мазбаев О. Б. Туризм және өлкетану А. 2006
5. Спорт терминдерінің орысша – қазақша сөздігі А. 1990.